

"Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 25 шілдедегі № 495 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 қыркүйекте № 15751 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдарында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11704 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 тамыздағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларында:

3-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. 1992 жылы 26 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге сәйкес отандық тасымалдаушылар Қытай Халық Республикасының аумағына автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде мыналар қажет:

1) жолаушылар (туристерді қоса алғанда) мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды орындаған кезде, отандық тасымалдаушыға тасымалды жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен "А" түрінің рұқсаты;

2) тура және кері бір рейсті орындауға құқығы бар өткізу пункттері ауданында шекара маңындағы терминалдар арасында жолаушылар (туристерді қоса алғанда) мен багаждың тұрақты емес автомобиль тасымалын орындау кезінде "В" түрінің рұқсаты;

3) тура және кері бір рейсті орындауға құқығы бар өткізу пункттері ауданында шекара маңындағы терминалдар арасында жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде "С" түрінің рұқсаты;

4) анықталған маршруттар бойынша жүктерді автомобиль көлігімен тура және кері бір рейсті орындау құқығымен тасымалдау кезінде "D" түрінің рұқсаты.

"А", "В", "С", "D" түріндегі рұқсаттар ағымдағы жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Отандық тасымалдаушылардан жылдық өтінімдер жыл сайын 30 қыркүйекке дейінгі мерзімде қабылданады.

Жылдық өтінімде:

1) отандық тасымалдаушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі және атауы;

2) елдер және орындалатын тасымалдардың түрлері бөлінісінде шетелдік рұқсаттарды ықтимал пайдаланудың саны қамтылады.

9. Алмасу квотасы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) интернет-ресурсында орналастырылады.";

13, 14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Шетелдік рұқсаттар аумақтық органдарға бөлуге жатады.

14. Шетелдік рұқсаттар отандық тасымалдаушылардың арасында, шетелдік рұқсаттың бланкілерін алуға өтінімдер түсуіне орай олардың қолданысындағы жылжымалы құрамын ескере отырып бөлуге жатады.

15. Аумақтық органдармен шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен келісілген, белгіленген маршруттар мен осы маршруттар бойынша жүру кестесін ескере отырып, күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушыларды және багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды үлестіреді.";

17-тармақ алып тасталсын;

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Отандық тасымалдаушылардың шетелдік рұқсаттардың бланкілеріне қажеттігі туындаған жағдайда уәкілетті органмен шет мемлекеттің уәкілетті органдарымен хат алмасу арқылы ағымдағы жылға тиісті шетелдік рұқсат бланкілерімен алмасу квотасын келіседі.

19. Отандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсаттарды ресімдеуді және беруді аумақтық органдар жүзеге асырады.";

20-тармақ алып тасталсын;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Шетелдік рұқсаттарды алуға арналған өтінімдерді аумақтық органдар өтінімдерді алған күннен бастап өтінім берушіге хабарлай отырып, екі жұмыс күні мерзімінде қарайды.";

23-тармақ алып тасталсын;

24, 25, 26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Отандық тасымалдаушы күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушыларды және багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарға жылдық өтінімдерді берген кезде маршрутта пайдалануға жататын жылжымалы құрамның түрі (класы) және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері туралы мәліметтерді жібереді, сондай-ақ мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) шетелдік тасымалдаушымен бірлескен қызмет туралы шарттың көшірмесі;

2) көрсетілген көлік құралдары жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың басқа маршруттарында іске тартылмауы туралы мәлімделген автобустар мен шағын автобустардың тіркелген жергілікті атқарушы органдарының жазбаша растауы.

25. Шетелдік рұқсаттарды алуға өтінім отандық тасымалдаушылардың тіркелген орны бойынша аумақтық органда қаралады.

26. Отандық тасымалдаушылар шетелдік рұқсаттамаларды алу үшін өтінімдерді Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы береді.

Отандық тасымалдаушылар күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушыларды және багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды алуға арналған өтінімдерді аумақтық органға береді.

Өтінімдерді қарау, сондай-ақ берілетін шетелдік рұқсаттамалар санын есептеу шетелдік рұқсаттамалар бланкілерін таратудың автоматты үйлестіру жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

27. Отандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсаттарды беру аумақтық органға " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) белгіленген ставкалар бойынша Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым сомасын төлегені туралы төлем құжаты түскен күнінен бастап бір жұмыс күні мерзімінде жүзеге асырылады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушыларды және багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды қоспағанда, отандық тасымалдаушы пайдаланған шетелдік рұқсаттар жол жүру аяқталғаннан кейін бір ай ішінде, ал пайдаланылмағаны – олардың қолданылу мерзімдері аяқталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей олар берілген жер бойынша аумақтық органға қайтаруға жатады.

Күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушыларды және багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттар олардың қолдану мерзімдері аяқталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей аумақтық органға қайтаруға жатады.

Отандық тасымалдаушылар шетелдік рұқсаттарды осы рұқсаттарды қоса бере отырып, қайтару күні, шетелдік рұқсаттардың нөмірі көрсетілген, еркін нысанда жасалған ілеспелі хатпен қайтарады.

Елдер және түрлер бөлінісінде отандық тасымалдаушыдан шетелдік рұқсаттарды алуға өтінімдерді қарау кезінде, мәлімделген шетелдік рұқсаттар саны осы Қағидаларда белгіленген мерзімде жоғалған және (немесе) қайтарылмаған шетелдік рұқсаттарының санына мөлшерлес азайтылады.";

31, 32 және 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Аумақтық органдар қайтарылған және жоғалған шетелдік рұқсаттардың есебін елдер бөлінісінде жүргізеді.

Шетелдік қайтарылған және жоғалған рұқсаттардың есебі көліктік деректер қорының ақпараттық талдау жүйесін және тасымалдау қауіпсіздігі серпінінің мониторингінде (бұдан әрі – КДҚ АТЖ) жүзеге асырылады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі;
- 2) отандық тасымалдаушының атауы;
- 3) рұқсат түрі;
- 4) рұқсаттың қолданылу мерзімі;
- 5) рұқсаттың қайтарылған күні.

32. Аумақтық органдар отандық тасымалдаушылардан өтінімдер түсуіне қарай КДҚ АТЖ пайдалана отырып, белгіленген мерзімде қызмет көрсетуді, сондай-ақ қайтарылған шетелдік рұқсаттар туралы мәліметтерді бір жұмыс күні ішінде енгізуді қамтамасыз етеді.

33. Мынадай жағдайларда отандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсаттарды беруден бас тартылады:

- 1) осы Қағидалардың 22 және 24-тармақтарында көзделген құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтаған;
- 2) ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;
- 3) шетелдік рұқсаттардың аумақтық органда болмаған.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Отандық рұқсат, оның ішінде бірінші рейстің тасымалы жүзеге асырылған мемлекеттің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан кері бағытта жолшыбай жүк арту жағдайында бір жолсапар үшін жарамды болады.

"А", "D" түріндегі отандық рұқсаттар жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін жарамды, "В" мен "С" түріндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан 90 километрге дейін шегінде орналасқан шекара маңы терминалдарына дейін жарамды."

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Қазақстан Республикасы аумағына үшінші елдерден жүк тасымалдауы жүктің жөнелту немесе межелі пункті болып табылмайтын елдің аумағына жүкті асқын жүктеумен (тиеу/түсіру) Қазақстан Республикасы аумағына үшінші елдерден тасымалды орындауға арналған рұқсат болған жағдайда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдерден тасымалдау кезінде жүктің жөнелту немесе межелі пункті болып табылмайтын елдің аумағында кедендік транзит аяқталмаған жүкті қазақстандық автокөлік құралына, және бастапқы тасымалдаушының тіркеу елінде тіркелмеген автокөлік құралына аударып тиеуге жол берілмейді.";

мынадай мазмұндағы 39-1-тармақпен толықтырылсын:

"39-1. Шетелдік автокөлік құралының тіркелу елінің аумағындағы заңнамаға сәйкес құрылған және тіркелген, үшінші елдердің кәсіпорындары мен филиалдарында өндірілетін жүктердің тасымалын жүзеге асыру кезінде, үшінші елдерден/елдерге отандық рұқсаттар осы тасымалдардың мынадай ілеспе құжаттарымен расталған жағдайларда талап етілмейді:

халықаралық көліктік жүкқұжаты (CMR);

тауардың шығарылуы туралы сертификаты;

жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының шетелдік тасымалдаушыға жүк тасымалына тапсырысы;

шот-фактура (инвойс);

ветеринарлық сертификат, фитосанитарлық сертификат, өнімдердің (тауарлардың) санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға (қажет болған жағдайда) сәйкестігі бөлігінде қауіпсіздікті растайтын құжат.

Бұл ретте, осы тасымал Қазақстан Республикасының аумағына кіруге отандық рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

Шетелдік автокөлік құралдарының тіркелу елінің аумағындағы заңнамаға сәйкес тіркелген үшінші елдердің кәсіпорындары мен филиалдарының тізбесі туралы уәкілетті органды тасымалдау басталғанға дейін тиісті шет мемлекеттің құзыретті органы хабардар етеді.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Қазақстан Республикасының аумағына жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тартқышты немесе жүк автомобилін тасымалдаушының тіркеу мемлекетінде тіркелген басқа тартқышқа немесе жүк автомобиліне ауыстырып тіркеуге рұқсат етіледі.

Жүру жолындағы тасымалдаушыны ауыстыру оның аумағында тасымалдаушыны ауыстыру жүзеге асырылса, келесі тасымалдаушының деректерін халықаралық көлік жүкқұжатына (CMR), Халықаралық жолдарда тасымалдау және кеден органының рұқсат кітапшасына енгізген жағдайда рұқсат етіледі.";

мынадай мазмұндағы 48-1-тармақпен толықтырылсын:

"48-1. Шетелдік тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) кіру (шығу) кезінде көліктік бақылау органдарына отандық рұқсат қағаздарын осы Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес ресімделуін тексеру, сондай-ақ отандық рұқсат бланкісінің үзбелі бөлігін алу үшін ұсынады."

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

_____ Д. Абаев

2017 жылғы 27 шілде

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2017 жылғы 17 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 9 тамыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ